



Нұр-Сұлтан қаласы

2022 ж. 4-6 мамыр

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Жас ұлан» әскери-спорттық ойынның республикалық финалын 2022 жылғы 4-6 мамырда қашықтық форматында ZOOM интернет-платформасында өткізеді.

Республикалық ойынның мақсаты: жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс мазмұнының сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және дәріптеу.

Республиканың 4 277 әскери-патриоттық клубтарында 121 107 оқушы дене дайындығымен, іздеу жұмыстарымен айналысады, жазғы жиындарға қатысады. Сондай-ақ балалар зерттеу жұмыстарының, туған өлкенің тарихын зерттеудің алғашқы дағдыларын меңгереді.

Әскери-патриоттық клубтардың қызметі тәрбие үдерісіне заманауи технологияларды, ойын әдістерін енгізуге, әскери-қолданбалы және техникалық спорт түрлерімен шұғылдануға мүмкіндік береді.

Республикалық ойын – жас балаларға алғашқы әскери дайындық курсынан өтуге және саптық-қимыл дағдыларын жетілдіруге тамаша мүмкіндік.

Республикалық ойынның финалына Республикалық ойынның облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің 170 жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Республикалық ойын бағдарламасында бөлімше құрамында саптық тәсілдерді бір орында және қозғалыста қарусыз орындау, салтанатты маршпен өту, «Ұрпақтар ізімен...» тақырыбында саптық ән және сахналанған патриоттық ән орындау, турникке тартылу, арқамен жатып денені жерден көтеріп түсіру бойынша жарыстар, «Әскери техника – өз қолыңмен» сәндік-қолданбалы өнер, үздік жауынгерлік парақ байқаулары, сондай-ақ «Алғашқы медициналық көмек көрсету» квиз-викторинасын өткізу қарастырылған.

Қатысушыларға спорттың әскери-қолданбалы түрлерінде, дене шынықтыру дайындығында өз білігі мен дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ Республикалық ойынның қатысушылары «Соғыс жаңғырығы!» және «Тарихи мұра» тарихи-өлкетану зерттеу жобаларын онлайн-режимде қорғау көзделген.

Республикалық ойынның қорытындысы бойынша «Жас ұлан» әскери-спорттық ойынның республикалық финалының жеңімпаздарына дипломдар мен сыйлықтар жіберіледі, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттардың электрондық нұсқалары дайындалатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-31; e-mail: rumcdo_socped2020@bk.ru.